



Продюссерлік чек-листі

Инфобизнес саласында екі маңызды рөл бар. Бірі - эксперт, екіншісі - продюссер. Көбінесе аудитория экспертті жақсы таниды да, продюссерді және оның жұмысын біле бермейді. Себебі продюссер эксперт секілді аудиторияның алдына шықпай, ешкімге көрінбей-ақ жұмыс істей береді. Сонымен бұл чек-лист осы инфобизнес саласындағы продюссерлерге арналған. Ендеше, кеттік.

Эксперт табу

Инфобизнестегі сіздің серіктесіңіз де, сататын өніміңіз де осы эксперт. Сол үшін экспертті дұрыстап таңдау қажет. Бастысы ол адам шынымен де өз саласының білікті, тәжірибелі маманы болуы керек. Оған қоса жеке бренді дамыған болса тіпті керемет.

Экспертпен келісу

Көп жағдайда эксперт пен продюссер доляға отырады. Доляға отыру барысында да мынандай үш нұсқа бар: 1. Егер эксперттің жеке бренді дамымаған, бірақ продюссер мықты маман болса, табыстың көп бөлігін продюссер алады. 2. Егер эксперттің жеке бренді мықты дамыған, ал продюссер бұл салаға жаңадан келген маман болса, табыстың көп бөлігін эксперт алады. 3. Егер эксперттің жеке бренді дамыған, продюссер де өз саласының мықты маманы болса, екеуі 50/50 келіссе болады.

Сала таңдау

Мысалы сіз эксперт ретінде психологты тапсаңыз, нақты қай сала бойынша білім бересіз. Ешқандай психолог жалпы психология бойынша курс жасамайды ғой. Мысалы эксперт отбасыдағы қарым-қатынас бойынша мықты білуі мүмкін. Демек сіздер осы сала бойынша курс жасап, осы тақырыпқа қызығатын аудиториямен жұмыс істейсіздер. Яғни сала таңдағанда психология секілді үлкен салаға жүгірмей, кішкентай саланы таңдау керек.

Тест жасаймыз

Сіздер таңдаған саланың қаншалықты сұранысқа ие екенін тест жасамайынша біле алмайсыздар. Сондықтан ең бірінші шағын марафон жасап, соны сатып көрсеңіздер болады. Сол кезде сіздер аудиторияның саны мен сапасын, сіздер таңдаған салаға олардың дайын немесе дайын емес екенін біле аласыздар.

Міне осы чек-листте көрсетілген қадамдарды рет-ретімен жасасаңыз, жобаңыз сәтті шығатынына сенімдімін. Сізге пайдалы болғаным үшін қуаныштымын! Сәттілік!

Создано с помощью онлайн сервиса Чек-лист | Эксперт: <https://checklists.expert>

как это убрать?